

## БӨЛІМ: ИНФОРМАТИКА

## "Құжатты рәсімдейміз"3-сынып

ЖАРИЯЛАНДЫ  
26.04.2022СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/119472/>

<b>Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Подстепный ауылы</b> <b>Мектеп: Подстепный жалпы орта білім беретін мектебі</b> <b>Мұғалімнің аты-жөні: Хабибуллина А.М.</b> <b>Пәні: Цифрлық сауаттылық.</b>		
<b>Узақ мерзімді жоспардың тарау:</b> Робототехника. Жоба	Подстепный жалпы орта білім беретін мектебі	
<b>Күні:</b>	Мұғалімнің аты-жөні: Хабибуллина А.М.	
<b>Сынып: 3</b>	<b>Қатысқандар:</b>	<b>Қатыспағандар:</b>
<b>Сабақтың тақырыбы</b>	Құжатты рәсімдейміз	
<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</b>	3.2.1.4 шрифт пен абзацты пішімдеу.	
<b>Сабақтың мақсаты</b>	<b>Барлық оқушылар:</b> Мәтіндік редакторда шрифт пен абзацты қолдануды үйренеді. <b>Кейбір оқушылар:</b> Мәтіндік редакторда мәзір жолағымен жұмыс жасауды біледі.	
<b>Бағалау критерийі</b>	Топтық жұмыстарға белсенді қатысады; Белгілі бір мақсатқа жету үшін орындалатын әрекеттер тізбегін сипаттайды;	
<b>Тілдік мақсаттар</b>	Термин сөздерді пайдаланып мәтіндік редакторда нұсқау арқылы жұмыс жасайды. <b>Пәнге қатысты лексика мен терминдер</b> Шрифт, Абзац, Мәзір жолағы, Word.	
<b>Құндылықтарға баулу</b>	Достық қарым-қатынас жасауға (топтық жұмыс жасауда), жауапкершілік, өмір бойы оқуға дайын болуға баулу.	
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Қазақ тілі (топқа бөліну барысында) Математика (топтық жұмыс барысында) Ағылшын (терминдер айтылу барысында)	
	<b>Сабақ барысы</b>	
<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</b>	<b>Ресурстар</b>

<p>Сабақтың басы Ұйымдастыру кезеңі:</p> <p>Үй тапсырмасын сұрау.</p> <p>Тақырыпты ашу</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу</li> <li>• Ынтымақтастық атмосферасын құру</li> </ul> <p><b>«Шаттық шеңбері»</b> арқылы оқушыларға жақсы лебіздер айту. «Гүлдер» әдісі бойынша оқушыларды гүлдердің түс айырмашылығы арқылы екі топқа бөлу</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1 - топ «Раушан»тобы</li> <li>2 - топ «Қалампыр»тобы</li> </ol> <p><b>«Сиқырлы сандық»</b> әдісі арқылы үй тапсырмасын тексеру. Оқушылар топқа бөлініп отырады сандықтан шыққан сұрақтарға жауап береді.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бас әріпті енгізу үшін қандай батырма басу керек?</li> <li>2. Меңзерді жол басына апару үшін қандай батырма басамыз?</li> <li>3. Меңзерді жол соңына апару үшін қандай батырма басу керек?</li> <li>4. Біріңғай бас әріптен тұратын сөзді жазу үшін қай батырманы басу керек?</li> <li>5. Қате кеткен әріптерді кетіру үшін қандай батырмаларды пайдаланамыз?</li> <li>6. Пернетақтадағы бағыттаушы пернелер қандай қызмет атқарады?</li> </ol> <p><b>Бағалау:</b> «Кімнің сұрағы ұнады?», «Кімнің жауабы ұнады?» деген сұрақтар арқылы «мадақтау»әдісімен өзара бағалау жүреді.</p> <p><b>Жаңа сабақтың тақырыбын ашу үшін оқушыларға сұрақтар қоямын:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Балалар біз мәтінді немесе құжатты қайда тереміз?</li> <li>2. Оны қалай ашамыз?</li> </ol> <p>Сабақ тақырыбы және сабақ соңында оқушыларға қандай нәтижеге қол жеткізетіндеріне пайымдау жасатып, жаңа сабақтың тақырыбымен және мақсатымен таныстырамын.</p>	<p>Сурет қиындылары Слайд</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Word мәтіндік редакторы</li> <li>2. Іске қосу-барлық программалар-MS office-MS Word 2010</li> </ol>
--	--	---

<p>Сабақтың ортасы</p> <p><b>Топтық жұмыс:</b></p> <p>Практикалық жұмыс:</p> <p>Сергіту сәті:</p>	<p>Жаңа сабақты «Құжатты рәсімдейміз» тақырыбындағы презентация көрсетуден бастаймын. Оқушыларға презентацияға байланысты сұрақтар қоямын:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Өзің тұратын аймақтағы табиғаты әсем қандай жерді атай аласың?</li> <li>Берілген суреттерді қолдана отырып, қандай әңгіме құрастырар едің?</li> </ol> <p><b>«Домино» әдісі арқылы топтық жұмыс жасатамын.</b></p> <p>1/ Оқушылар берілген комбинацияны тез және дұрыс жинау қажет.</p> <p>2/ Жасалған топтық жұмыс арқылы сабақтың кілтті сөздері анықталады.</p> <p>3/ Анықталған топтық жұмыс арқылы әрі қарай жұмыс жасалынады.</p> <p><b>Бағалау:</b> Топтар бір- бірін «Жұлдызша» әдісі арқылы бағалайды.</p> <p><b>Дескрипторлар:</b> Білім алушы — топтық жұмыс жасайды; — Домино реттілігін дұрыс құрастырады;</p> <p><u>Балалар жеке жеке компьютерге отырып, сабақ тақырыбына байланысты практикалық жұмысты орындайды.</u></p> <p><b>Дескрипторлар:</b> Білім алушы — мәтіндік редакторда мәзір жолағымен жұмыс жасайды; — мәтінді берілген критерийларға байланысты теруді үйренеді; — ережелерді қатаң сақтауды үйренеді.</p> <p>Видеоролик көмегін қолдана отырып, көзге арналған сергіту жаттығуларын жасатамын.</p> <p><b>Бекіту:</b> <b>Дескрипторлар:</b> Білім алушы — мәтіннің бөліктерін атайды; — шрифт пен абзацтың қайда орналасқанын анықтайды.</p> <p>Бағалау: Оқушыларды киіз үй сыйлықтары арқылы мадақтаймын.</p>	<p>Жұлдызша арқылы бір- бірін бағалайды.</p> <p>Қосымша ақпарат ресурстарды қолданамын</p> <p>Видеоролик</p>
<p>Сабақтың соңы</p>	<p><b>Кері байланыс.</b> <b>Сабақ соңындағы оқушылардың рефлексиясы:</b> Түсінік бағдаршамы: — <b>нені білді</b> — <b>нені үйренді</b> — <b>не әлі де түсініксіз.</b> Үйге тапсырма: 1/ Мәтінді терген кезде Шрифт пен Абзац командалары не үшін қолданылады? 2/ Шрифт пен Абзац командаларын салыстыр. Қызметтеріндегі негізгі үш айырмашылықты ата.</p>	